

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2014 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 10 қазандағы № 669 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 1085 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2014 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 10 қазандағы № 669 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына е н г і з і л с і н .

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі	К. Мәсімов
---	------------

**«Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан**

**2014 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 10 қазандағы № 669 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2014 жылға арналған нысаналы трансферт бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 10 қазандағы № 669 Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2014 жылға арналған республикалық бюджетке мынадай мөлшерде:

1) 150 (бір жүз елу) миллиард теңге:

Астана – Алматы автомобиль жолының Астана – Қарағанды, Алматы –Қапшағай учаскелерін салуға;

Астана – Павлодар автомобиль жолын салуға;

«Жезқазған – Бейнеу» теміржолын салуға;

Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізуге

д а й ы н д ы қ қ а ;

Инфрақұрылымдық жобалар қорын қалыптастыру үшін «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға;

2) 250 (екі жүз елу) миллиард теңге;

банк секторын сауықтыру үшін «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамының капиталдандыруға;

3) 50 (елу) миллиард теңге;

м ы н а :

24 (жиырма төрт) миллиард 500 (бес жүз) миллион теңге сомасына «Ұлттық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының;

24 (жиырма төрт) миллиард 500 (бес жүз) миллион теңге сомасына «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының аумақтарында инфрақұрылым объектілерін салу үшін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға;

1 (бір) миллиард теңге сомасына «Астана – Жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумақтарында инфрақұрылым объектілерін салуға;

4) 25 (жиырма бес) миллиард теңге;

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру үшін кейіннен «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайта отырып, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға нысаналы трансферт бөлінсін.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті	Қазақстан Республикасының	Н.Назарбаев
------------	---------------------------	-------------